ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 7811 БҰЙРЫҒЫ
2005 ж. 17.06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 7811
17.06 2005

30.11.2004ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен бірге
Алматы қ. Әділет департаментімен
17.02.2004ж. қайта тіркелген
«RG Brands» АҚ Жарғысының
қосымшасы

«RG Brands» АҚ Жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар

Дара акционердің 2005 жылғы 26 сәуірдегі шешімінің негізінде Жарғының 5-бабы, 6.1. және 6.2 тармақтары келесі редакцияда беріледі:

**«5. Қоғамның мүлкі мен капиталы**

5.1. Қоғамның мүлкі төмендегілердің есебінен құралады:

1) Акционерлердің қоғам акцияларының төлеміне берген мүлкінің;

2) Қызмет нәтижесінде алған кірістерінің;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген басқа мүліктің.

5.2. Жарғылық капиталының мөлшерін 2 000 060 000 (екі миллиард алпыс мың) теңге құрайды.

5.3. Акционерлердің жалпы жиналысының (акционердің) немесе соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте акцияларды шығару және орныктыру арқылы қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға жол беріледі.

5.4. Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін 2 000 060 000 (екі миллиард алпыс мың) теңге мөлшерінде жарғылық капитал құралады. Қоғам Жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу кезінде құрылтайшы (құрылтайшылар) әрқайсысының номиналды құны 1000 (бір мың) теңге болатын шығарылымға жарияланған 1 800 000 (бір миллион сегіз жүз мың) дана жай акцияны төлеу арқылы жарғылық капиталды құрайды.

5.5. Қоғамға ақша, мүлік, мүліктік құқықтарды беру арқылы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен тыйым салынбаған басқа әдістермен жарғылық капиталды төлеуге жол беріледі».

Жарғының 6.1 және 6.2. тармақтарын келесі редакцияда беру керек:

6.1. Акционерлердің (акционердің) бекіткен жарғылық капитал мөлшеріне қарай Қоғам 2 000 060 (екі миллион алпыс) жай акцияны шығарылымға жариялады.

6.2. Қоғам жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген кезде Қоғам акционерлері (акционері) шығарылымға жарияланған 1 800 000 (бір миллион сегіз жүз мың) жай акцияны төлеп, жалпы сомасы 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңге болатын акциялардың төленген санына меншік құқығын иеленді.»

«RG Brands» АҚ атынан
Басқарма Төрағасы

Жаналинов А.С.

Жаналинов
Арман
Сейтович

СМ. НА
ОБОРОТЕ